

Қазақстан Республикасының меншігіне Өзбекстан Республикасында жылжымайтын мүлік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 19 тамыз N 920

Мемлекеттік қаражатты ұтымды пайдалану және Қазақстан Республикасының меншігіндегі шет елдегі жылжымайтын мүлік объектілерінің тізбесін кеңейту жөніндегі белгіленген жобаларды одан әрі іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Елшілігінің дипломатиялық қызмет персоналын орналастыру үшін Ташкент қаласындағы жылжымайтын мүлікті қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының меншігіне сатып алу туралы ұсынысы қабыл алынсын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2002 жылға арналған республикалық бюджетте "Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шет елдерде жылжымайтын мүлік сатып алу" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен жылжымайтын мүлікті сатып алуға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ақы төленетін күнге белгілеген бағам бойынша 63030 (алпыс үш мың отыз) АҚШ долларына баламалы

сомада қаражат бөлсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 19 тамыздағы
N 920 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының меншігіне Ташкент қаласында (Өзбекстан Республикасы) сатып алынатын жылжымайтын мүлік тізбесі

1. 2 бөлмелі пәтер

Миробад ауданы

Саид Барак көшесі 3, 18-пәтер

құны 9300 АҚШ доллары

2. 2 бөлмелі пәтер

Миробад ауданы

Саид Барак көшесі 3, 21-пәтер

құны 10100 АҚШ доллары

3. 2 бөлмелі пәтер

Миробад ауданы

Саид Барак көшесі 4, 3-пәтер

құны 8600 АҚШ доллары

4. 3 бөлмелі пәтер

Миробад ауданы

Саид Барак көшесі 14, 24-пәтер

құны 9300 АҚШ доллары

5. 3 бөлмелі пәтер

Миробад ауданы

Чехов көшесі 21, 30-пәтер

құны 9500 АҚШ доллары

6. 3 бөлмелі пәтер

Миробад ауданы

Чехов көшесі 21, 54-пәтер

құны 10500 АҚШ доллары

Мәмілені ресімдеу жөнінде қызметтер көрсету ақысы - 5730 АҚШ доллары

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Омарбекова А.Т.